

народное творчество является тем связующим началом, которое питает, возвращает понимание между народами и странами, показывает единство общечеловеческих ценностей, свидетельствует о преемственности традиций и обычаев, способствует духовному единству народов мира.

Список использованной литературы

1. Тайырбеков Б.Г., Тайырбекова Л.Н., Кабдулова К.Л., Амирова Ж.Г., Адырбекова М.К. Функционально-прагматические парадигмы этнокультурных единиц в межязыковой и межкультурной коммуникации (на материале казахских, английских, русских, немецких, французских и испанских паремий. – Алматы: «Дәуір-кітап», 2018. – 212 с.
2. 赵爱国, 语言文化学论纲 [M]. 黑龙江: 黑龙江人民出版社, 2010.

Анесова Акгуль Темирбаевна
Қызылорда облысы Арал қаласы №14 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ӨЗГЕ ТІЛДІ МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тіл мәдениетін, сөйлеу мәдениетін дамыту өте күрделі іс-әрекет. Бұған сөйлеу мәндері, ойын тиянақты айта білу, түсінікті шұбарламай сөйлеу, ата-анамен, үлкен адамдармен мәдениетті сөйлей білу, көпшілік алдында сөйлей білу т.б. жатады. Қазіргі кезде біздің қоғамымыздағы ең маңызды мәселе – мемлекеттік тілді дамыту, қолданыс аясын кеңейту, мемлекеттік тілде сауатты, таза сөйлеу. Бұл мәселені шешуге көптеген іс-шаралар атқарылып жатқаны бәрімізге мәлім. Алайда бойымызда қалыптасқан самарқау қалпымыздан айырыла алмай келеміз. Қоғамдық орындарда, көшеде өз еліміздің үлкені де кішісі де орыс тілінде немесе шұбарлап сөйлеп келе жатқанның куәсі болып, қынжыламызда жүре береміз. Еліміздің мемлекеттік тілі- қазақ тілі болғандықтан, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдерінің парызы- болашақ ұрпаққа қазақ тілінен білім беріп, тілін дамыту. Бұл орайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен орыс тілді мектептерге арналған қазақ тілі оқулықтарындағы лексикалық мәтіндер қызықты емес, көбіне саяси бағыттағы тақырыптар мен ақын- жазушылардың өмірбаянын оқып аударып мазмұндау оқушының қызығушылығын оятпайды, оқушының сөйлеу мәдениетін дамытпайды. Оқу бағдарламасы әр сыныпқа белгілеген талаптар бойынша оқушының білім деңгейі бағаланады. Стандарт белгілеген талаптарды орындау мақсатында бірнеше оқулықтар, оқу әдістемелік кешендері шығарылуда. Интерактивтік тақта мен электрондық оқулықпен де ізденіс тәжірибелі ұстаздар қазақ тілі сабақтарын беріп, оқушының сөйлеу және жазу дағдысын қалыптастыруға жаңа ақпараттық технологияны да тиімді пайдалана білуде. Алайда бұл электрондық оқулықта берілген тапсырмалар мен мәтіндер оқушыға ой салатындай мазмұнды не қызықты емес. Оқушылар компьютермен жұмыс істеуге қызықса да, ой- өрісін, тілді дамытатын тапсырмалар жеткілісіз болып жатады және оқушы тек компьютермен сөйлесіп, өзінің жанды досының пікірін естімейді, онымен сұхбат жүргізе алмайды, досымен өз ойын бөлісе алмайды [1].

Білім сапасын арттыру, бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы мәселені шешу- білім беру мазмұнын жаңашаландырумен, оқу үрдісін ұйымдастыру технологиясы мен әдістерін жетілдіру. Сондай-ақ, білім беру мақсаты мен нәтижесіне ерекше мән берумен тығыз байланысты.

Бүгінгі күні білім беру саласына «күзиреттілік», «күзирлік» сөздері кеңінен енуде. Осы жағдай, бұл мәселе бойынша кең және қызығушылықпен пікір таластыруға жетелей отырып, ең басты «күзиреттілік», «күзирлік» ұйымдарының негізгі мағынасын түсінуді, анықтауды

кажет етеді. Competent сөзі французша «копонетті» заңға сай, латынша «сай болу», «қабілеті», «талап қою», «жарамды», ағылшынша «қабілетті» деген мағынаны білдіреді.

Ал, психологиялық сөздіктерде «компоненттілік», «күзiреттiлiк – жеке тұлғаның қоршаған ортадағы адамдармен тиiмдi қарым-қатынас жасай алу қабiлеттерi» делiнген.

Сонымен, күзiреттiлiк деп оқушының алған бiлiмi мен дағдыларын тәжiрибеде, күнделiктi өмiрде қандай да бiр практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшiн қолдана алу қабiлетiн айтады. Демек, күзiреттiлiк ұғымы «бiлiм, бiлiктiлiк, дағды» сияқты ұғымдармен қатар, оқушылардың шығармашылық iс-әрекеттерi мен құндылық бағдарларының жүйесiнде көрiнедi.

Жалпы орта бiлiм беру жүйесiндегi өзгерiстер, оқу мерзiмi 12 жылдық «нәтижеге бағытталған» мектеп моделiн енгiзу оқытудың мақсатын, мазмұнын, әдiстерi мен формасын, сондай-ақ сәйкес құралдар жүйесiн, яғни оқытудың жаңа әдiстемелiк жүйесiн жасап, практикаға енгiзудi талап етедi. Басты мақсат – қоғамның ақпараттану, жаһандану кезеңiнде қажет ақпаратты алып, шапшаң өңдеп, пайдалана бiлетiн, бәсекеге қабiлеттi, өзiндiк танымдық әрекет ете алатын жан- жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Танымдық әрекет – шәкiрттiң iзденiп, бiлiм алуына бағытталған белсендi ақыл-ой қызметi. Оқушылардың оқу-танымдық iс-әрекет белсендiлiгi оның жеке бас ерекшелiгiне ғана қатысты емес, сонымен қатар мұғалiмнiң теориялық сауаттылығы мен шеберлiгiне байланысты. Мектеп оқушыларының оқу-танымдық iс-әрекеттерiн жетiлдiру проблемасына көптеген педагогтардың, психологтардың еңбектерi арналған. Психологтардың зерттеулерiне қарағанда, оқу-танымдық күзiреттiлiктiң қалыптасуы әлеуметтiк ортамен және жеке тұлғаның танымдық қажеттiлiгiн оятуға ынталандыратын оқу және тәрбие үрдiсi, сондай-ақ оның жеке басының белсендiлiгiмен, ұжымдық iс-әрекет рөлiмен, оның ұстаған мақсат – мүддесiмен үндесе жүретiн күрделi үрдiс.

Профессор Ж.Қараев танымдық белсендiлiкке мынандай анықтама берген. Танымдық iс-әрекет белсендiлiгi деп, мотивациялық – тұлғалық, мазмұндық-амалдық және процессуалды-жiгерлiк бөлiктерiнен тұратын тұлғаның интегралдық құрылымын, сипаттамасын айтамыз [2].

Қазақ тiлi сабағында оқушының оқу-танымдық күзiреттiлiгiн қалыптастыру үшiн, ең алдымен қазақ тiлiне деген қызығушылығын артырудың жолдарын iздестiруiмiз керек. Сондықтан, тiл үйренушiлердiң тiлге қызығушылығын, олардың ойлау, еске сақтау қабiлеттерiн дамыту негiзiне бағытталған, яғни оқу-танымдық күзiреттiлiктерiн қалыптастыруда қазақ тiлiнде жаттығулар жиынтығын дұрыс пайдалану маңызды рөл атқармақ. Жаттығулар тапсырмасы бiрнеше топқа бөлiнедi: фонетикалық, грамматикалық, лексикалық, сөйлеу алды, сөйлеуге арналған, оқуға арналған.

Сөйлеу дағдысын дамытушы жаттығуларды құрастыруда оқушының жас ерекшелiктерi ескерiледi.

Тiл үйренуде ұтымды әдiстердiң бiрi – деңгейлiк тапсырмалар беру. Деңгейлiк әдiстiң маңыздысы – оқушының шығармашылықпен белсендi жұмыс iстеуiн дамытады, әр оқушыны өздiгiнен үйренуге баулиды, өткен грамматикалық, лексикалық тақырыптарды жүйелi игеруге дағдыландырады, ой еңбегiмен айналысуға жетелейдi, яғни оқу-танымдық күзiреттiлiгi қалыптасады. Қазақ тiлi сабағында белгiлi бiр модульдiк тақырып бойынша сұхбаттасу бөлiмiнде мәтiнмен оқушылар әр түрлi деңгейлiк тапсырмалар орындау арқылы танысады.

Мемлекеттiк тiлдi оқыту үрдiсi қарым – қатынастық, мәдени және әлеуметтiк қажеттiлiктердi тұтастай iске асыруға бағытталғандықтан, өзге тiлдi мектептердегi қазақ тiлiн оқыту сапасы, нәтижесi және онда берiлетiн базалық бiлiм мазмұнына көп көңiл бөлiнуде. Қазақ тiлiнен бiлiм берудiң мемлекеттiк стандартында өзге тiлдi оқушылардың қазақ тiлiнде еркiн, сауатты сөйлеу, саналы, түсiнiп оқу, iс қағаздарын, ресми құжаттарды жаза бiлу және тұрмыста, түрлi тiлдiк ортада, мемлекеттiк қоғамдық ортада сөйлей бiлу сияқты дағдыларды меңгертудiң мiндеттi деңгейлерi айқындалған. Ал осы стандартқа сәйкес

жасалған бағдарламада қазақ тілін оқытудың педагогикалық негізін құрайтын әдістемелік құжат ретінде тілдің қарым – қатынастық қызметін меңгеру, тілдің функционалдық құрылымын, стилистикалық ерекшеліктерін меңгерумен қатар оның танымдық қызметі қазақ халқының материалдық, рухани, тарихи – мәдени байлығын таныту мәселелері де жүйеленіп берілген.

Қазақ тілі сабақтарында үйретілетін лексикалық , тілдесімділік, сөйлесімділік, функционалдық – грамматикалық, фонетикалық минимумдардың бағдарламаларда жоспарланған мәтіндер модулінің анықталуы, біріншіден, пәннің білім мазмұнының дұрыс құруға іргетас болса, екіншіден осы пәнмен өзектес жаңадан ендіріліп отырған қазақ әдебиетін қазақ тілі негізінде оқыту дайындық база жасауға мүмкіндік береді.

Оқушы ана тілінен басқа екінші тілді үйрену барысында өзіндік ой –тұжырымдарын дәйекті жеткізудің тілдік жаңа тәсілдерін меңгеруге тиіс, ал біздің оқушыларымыздың көпшілігі тіпті күнделікті қарапайым тілдік коммуникациялық қатынасқа да түсе алмайды. Ғалымдар тарапынан тілді оқыту мәселесі жайында айтылған пікірлердің ішінен профессор Ф.Оразбаеваның “екінші тілдерді оқыту әдістемесінде бүгіндері оқушыға тілден бұрын сөйлесуді үйрету керек” деген пікірі тұрақтала бастады. Өйткені өзге тілді меңгеру – үйренетін тілдің лингвистикалық ережелерін жинақтап білу емес, ол екінші тілдің сөйлеу құралдары мен әрекетін, тұлғаларын дұрыс пайдалана білу, сол арқылы сөйлесетін дәрежеге жету. Сондықтан алдымен сөзді, сөйлеуді негізге ала отырып, содан соң тілді үйретуге көшкен жөн. Яғни бүкіл оқыту жүйесі тілмен түсінісуді қамтамасыз етуге бағытталған сөйлесімді үйретуге қатысты жүруі керек [3].

Егер сөйлесуді меңгерту оқушының айтайын деген ойын ауызша және жазбаша түрде екінші адамға түсінікті етіп жеткізуін қамтамасыз ету болса, ал сөйлеуді үйрету күнделікті өмірде кездесетін жағдайларға байланысты іске асып отыруы керек.

Сөйлеуді меңгертуде оның функционалдық қызметіне қажеттігі мынадай құрылымдық жүйе қалыптастырылса, бұл іс біршама тиімді түрде жүзеге асар еді.

Сөйлеу үрдісін дайындауға бағытталған материалдар (лексикалық минимум, тірек сөздер, оқушыға бұрыннан таныс сөздер).

1. Сөйлеу үрдісін құрастыруға бағытталған материалдар (тілдесім диалогтар).

2. Сөйлеу үрдісін жүйелеуге бағытталған материалдар (шағын функционалдық мәтіндер, яғни лексикалық минимум мен тілдесім диалогтарының қолданылған көріністері, көркем мәтіндер үлгілері) .

3. Коммуникативтік – қатысымдылық әрекетті іске асыруға бағытталған материалдар (түрлі жаттығулар).

4. Өзін - өзі тексеруге және бағалау әрекеттері (тестілік) [4].

Жалпы оқу-танымдық күзіндіріліктік – бұл жеке басына маңызы бар және әлеуметті қажетті танымдық мәселелерді шешудегі оқушының өзі басқара алатын, сол мәселені шешу барысында оқушы белгілі бір білім, білік дағдыларға ие болу. Оқушы оқу-танымдық іс-әрекеттің субъектісі болады, себебі оқушы үшін бұл іс-әрекет маңызды, оның қажеттілігін және әлеуметтік маңызды танымдық мәселелерін шешеді. Қазақ тілін өзге ұлтқа оқытудың сапасын арттыру мұғалімнің оқыту әдісін ұтымды таңдауына байланысты. Мақсаттар жүйесі жеке тұлғаны психомоторлы, танымдық, ойлау, эмоциялық, қатысымдық әрекеттерге дайындауға және оны жүзеге асыруға, сондай-ақ өзін-өзі тануға бағытталған.

Ұстаз жаңа технологиялардың жіктелмесін біліп, өзіне қажеттісін, сабағында қайсысын қолданған тиімді екендігін таңдай білгені жөн. Қазіргі заман талабына сай оқу – тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу – педагогикалық ғылым мен мектеп тәжірибелерінің сабақтастығын көрсетеді. “Деңгейлеп оқыту”, “Модульдік оқыту технологиялары”, “Ойындық технология”, “Дамыта оқыту” технологиялары қазір кеңінен қолданылуда. Сол сияқты жеке дара оқыту, саралап оқыту, жеделдетіп оқыту технологиялары да өмірге енгізілуде. Осы технологиялардың мақсаты - жеке тұлғаны дамыту.

Сабақтың сәтті өтуі сабақтың жоспарының дұрыс құрылуына байланысты екені белгілі. Сондықтан сабақтың мақсатын қойғанда, оның білімділік, дамытушылық және тәрбиелік жағына аса мән беріліп, дұрыс қойылуы тиіс. Сабақтағы мәтін мен жаттығулар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуінің маңызы зор. Пәнаралық байланыс, сабақтың өмірмен байланыстылығына мән беру қажет. Оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорларын молайту - әр сабақтың міндеті.

Өзге тілді мектептерге арналған бүгінгі қолданыстағы қазақ тілі оқулықтары жалпы педагогикалық парадигмаға сай когнитивтік яғни танымдық сипатта құрылғандықтан оқулықтарда берілетін оқу материалдары қазақ лингвистикасының лексикалық, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін және қоғамдық- әлеуметтік ортаны, Республиканы, әлемді қоршаған ортаны танытуға бағытталған. Бұл, әрине тілді меңгертуге негіз болғанымен, ауызекі сөйлеуді үйретуде, тілдің коммуникативтік қатынас құралы ретіндегі рөлін кеңейтуде негізгі фактор бола алмайды. Сондықтан ХХІ ғасыр мектебі үшін оның оқулықтарын жаңа тұрғыда жетілдіру үшін жетекші әдіснама ізделінуі тиіс. Тіл үйретуде әлем елдерінде кең қолданылып отырған коммуникативті – функционалдық әдіснама бүгінгі таңда ұтымды деп танылып отыр. Сондай –ақ бұл саладағы жаңа бағыттардың бірі - танымдық әрекетшілдік әдіснама элементтерін қоса қолдану да ескерілуі керек. Бұл бағытта белгілі бір деңгейдегі функционалдық тілдесімді, сөйлесімді үйретуге неғұрлым қолайлы әдіснама ұстана отырып, дәстүрлі когнитивтік т.б. сол сияқты әдіснамаларды жетекші функцияның мақсатына қызмет ететіндей етіп қолдануға мүмкіндік береді деп тұжырымдар тұжырымдауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Жалпы білім беретін орта мектеп бағдарламалары. Қазақ тілі (оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 1-11 сыныптарына арналған). – Алматы: Рауан,1994.
- 2 Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Галимова Б., Ильясова Р. Педагогика. – Алматы, 2002.
- 3 Оразбаева Ф. Ускоренное обучение казахскому языку. – Алматы: Білім, 1996.
- 4 Оразбаева Ф. Тілдік қатысым: теориясы мен әдістемесі. – Алматы, Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының баспа кабинеті, 2000.

Қазыбек А.Қ.

Журналистика кафедрасының оқытушысы
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ӘЛЕМІНДЕГІ ЖАҢАЛЫҚТАР ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Бүгінгі таңда еліміз әлемдік ақпараттық кеңістікке еніп, жер шарының әр түпкірінен жедел хабар алу мүмкіндігіне ие болумен қатар, қоғам өмірінде күнделікті өтіп жатқан оқиғаның бір сәттің ішінде әлемнің түпкір-түпкіріне таралу шапшаңдығына қол жеткізді. Ғылым мен тәжірибеде ақпараттың еркін тасқыны (свободный поток информации) деген ұғым қалыптасып орнықты. Ақпарат көздерінің көп болуы жұртшылықтың кез келген оқиға барысымен тез әрі жан-жақты хабардар болуына ықпал етеді десек те, шет елдің ақпарат агенттіктері болсын, арналары болсын қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарымен бәсекелестік туғызатынын жоққа шығаруға болмайды. Осынау әлемдік бұқаралық ақпарат кеңістігінде жұтылып кетпей, өз үндерін жоғалтпай, уақытпен үндесе жұмыс істеу еліміздің ақпарат құралдарының бірінші кезектегі міндеті. Ол үшін халықтың көкейінде жүрген сұрауларды, оларды толғандырған мәселелерді таныр қырағы көз бен жеткізе білер өткір тіл, тыңдай білер құлақ керек дер едік. Бұл, әрине, еліміздің ақпарат тарату жүйесінде, яғни цифрлық медианың технологиялық жетістіктері қоғамдық шағын сфералардың әртүрлі мәдениеттер мен субмәдениеттерге негізделуіне қатысты мәселелерді қамтиды.

"Төртінші билік" саналатын, тың идеяның және жаңалықтар медиасының қандай болуын анықтайтын идеалды БАҚ, қоғамдық ой-санамызда қазіргі қазақстандық даму